

Қазақстан Республикасының
Әділет Министрлігі

Занды құлшының мемлекеттік
қайта тіркеуі жүргізілді

2021 ж. «08» 01

Тірлеу: 354-1904-12 НК

BCI 020440004248

Алғашқы: 2002 ж. «15» 04

Ақтөбе облысы әкмідігінің
2020 жылғы «23» желтоқсандағы
№ 469 қаулысымен
бекітілді

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Мұғалжар ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы
білім беретін орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

ЖАРҒЫСЫ

**«Ақтөбе облысының бiлiм басқармасы
Мұғалжар ауданының бiлiм бөлiмi»
мемлекеттiк мекемесiнiң
«Ембi қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы
бiлiм беретiн орта мектебi»
коммуналдық мемлекеттiк мекемесiнiң
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ереже

1. «Ақтөбе облысының бiлiм басқармасы Мұғалжар ауданының бiлiм бөлiмi» мемлекеттiк мекемесiнiң «Ембi қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы бiлiм беретiн орта мектебi» коммуналдық мемлекеттiк мекемесi (бұдан әрi – Мекеме) заңды тұлға мәртебесiне ие, ұйымдастырушылық-құқықтық үлгiдегi, бастауыш, негiзгi, орта жалпы бiлiм беретiн оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушiлерге қосымша бiлiм берудiң оқу бағдарламаларын iске асыру мақсатындағы коммерциялық емес коммуналдық мемлекеттiк мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттiк мекеменiң түрi: коммуналдық.

3. Мекеме 1939 жылы құрылды.

4. Ақтөбе облысының әкiмдiгi (бұдан әрi - Құрылтайшы) Мекеменiң құрылтайшысы болып табылады.

5. «Ақтөбе облысының бiлiм басқармасы Мұғалжар ауданының бiлiм бөлiмi» мемлекеттiк мекемесi Мекеменiң тиiстi саласын басқару жөнiндегi уәкiлеттi орган (бұдан әрi – Тиiстi саланың уәкiлеттi органы) болып табылады. Ақтөбе облысының әкiмдiгi атынан «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттiк мекемесi Мекеменiң мемлекеттiк мүлкiн басқару жөнiндегi уәкiлеттi органы (бұдан әрi - Мемлекеттiк мүлiк бойынша уәкiлеттi органы) болып табылады.

6. Мекеменiң атауы: «Ақтөбе облысының бiлiм басқармасы Мұғалжар ауданының бiлiм бөлiмi» мемлекеттiк мекемесiнiң «Ембi қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы бiлiм беретiн орта мектебi» коммуналдық мемлекеттiк мекемесi.

7. Мекеменiң мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 031300, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ембi қаласы, Айтеке би көшесi, 21 үй.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеме мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепіліндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Құрылтайшы субсидиарлық жауапты болады.

12. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті Ақтөбе облысы бойынша қазынашылық департаментінде міндетті тіркеуден өткеннен соң күшіне енеді.

3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мекеме қызметінің мәні

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін бағдарламаларды іске асыру;

2) тұлға, қоғам, мемлекет мүддесінде оқыту және тәрбиелеу;

3) дарынды баланың жан-жақты тұлға ретінде дамуына қолайлы жағдай жасау;

4) оқушылардың өз бетімен білім алу және қосымша білім алу қажеттілігін қанағаттандыру.

14. Мекеменің мақсаты

1) Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарттарының негізінде құрылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін бағдарламаларды іске асыру;

2) мәдениеті жоғары деңгейдегі, қоғам өміріне бейімделген, тереңдетілген және кеңейтілген білім бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және меңгеруге дайын интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілденген мемлекеттік стандарттардың шегінде тегін негізгі білім деңгейін алуына бүкіл азаматтардың құқығын іске асыру болып табылады.

15. Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

- 2) кұзырлы тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағытталған, оқыту бағдарламаларын игеру арқылы оқушыларда функционалды сауаттылықты дамытуға жағдай жасау;
- 3) оқушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарымен белгіленген базалық ғылым негіздерін алуды қамтамасыз ету;
- 4) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салты мен өнегеліліктің мықты негіздерін қалыптастыру;
- 5) азаматтылық пен патриотизмді, өз Отанына – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеу, халық дәстүрін қадірлеу, әрбір Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы құбылыстарға төзбеушілікке үйрету;
- 6) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығы мен міндеттеріне саналы қарым-қатынасын қалыптастыру;
- 7) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне араластыру, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа ұлттардың тарихын, салт - дәстүрлерін оқыту;
- 8) мектепке дейінгі сапалы білім мен тәрбиені қамтамасыз ету;
- 9) мемлекеттік, орыс және шетел тілдерін үйрету;
- 10) оқытудың жаңа технологияларын енгізу мен тиімді пайдалану;
- 11) баланста тұрған объектілерді пайдалану және қызмет көрсету бойынша шаруашылық қызметін жүзеге асыру;
- 12) қосалқы инфрақұрылымның дамуын, материалдық-техникалық базаны нығайтуды қамтамасыз ету;
- 13) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметтерді жүзеге асыру.

Мекеме білім беру қызметін:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті оқыту стандарттарына;
- 2) үлгілік оқу жоспарларына;
- 3) Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

Мекемеде білім беру үрдісінің субъектілері оқушылар, тәрбиеленушілер, педагогикалық жұмыскерлер, оқушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері болып табылады.

Мекемеге мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлеріне оқытуға қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Мекемеде оқыту мен тәрбиелеу қазақ және орыс тілінде жүргізіледі.

Мекемедегі білім беру мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылып, жүзеге асырылып отырған жұмыс бағдарламалары және оқу жоспарларымен анықталады.

Оқушылардың білімін, аралық және қорытынды аттестациясын ағымдағы бақылау жүйесі, түрлері мен оларды өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес регламенттеліп, жүзеге асырылады. Қорытынды аттестаттаудан өткен оқушыларға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат беріледі.

Мекемеде келесі тәртіп белгіленген: оқу сабақтары 2 ауысымда өтеді. Сабақтардың және сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес белгіленеді.

Медициналық қызмет көрсетуді медициналық бике жүзеге асырады, ол әкімшілікпен, педагогикалық қызметкерлермен қатар, оқушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығына және дене дамуына, емдеу шараларын өткізуге және санитарлық гигиеналық нормаларын сақтауға жауап береді.

Мекемедегі тамақтану мектеп асханасында ата-аналар қаражаты және Оқу қоры есебінен (жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы, аз қамтылған отбасыларының балалары, мүгедек балалар мен бала кезінен мүгедек балалар үшін) жаппай жүзеге асырылады.

Мекеме құқықтары:

- 1) осы Жарғыға сәйкес құзыреті аясында мекеменің мүддесін қорғау;
- 2) өз құзыреті аясында мекеме қызметкерлерінің барлығына міндетті бұйрықтар шығару;
- 3) белгіленген тәртіппен мемлекеттік атқарушы билік органдарынан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан (олардың ұйымдастыру-құқықтық нысаны мен ведомстволық қатыстылығына қарамастан) өз қызметіне қажетті мәліметтер, ақпараттар мен құжаттарды сұрауға және алуға;
- 4) білім саласындағы мәселелерді шешуге қажетті уақытша немесе тұрғылықты жұмыс топтарын, комиссияларын және басқа да ұжымдық органдар құруға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім бөліміне құрылтайшы құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш жасауға;
- 6) белгіленген тәртіпте және өз қызметінің мақсатына сәйкес өзіне бекітілген мүлікті пайдалануға;
- 7) жергілікті атқарушы органдарының келісімі бойынша өзінің негізгі, қызметін жоспарлау және білім саласын дамытуды анықтау;
- 8) теориялық және практикалық білімін, іскерлігін, машығын жандандыру мақсатында және сапалы мемлекеттік қызмет көрсету үшін Мекеме қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа құқықтарын жүзеге асыру.

Мекеме міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын сақтау, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерді және осы жарғыны орындау;
- 2) сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- 3) мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы мемлекеттік қызметті пайдаланушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындайды.

Мекемеде мектепалды даярлық сыныптар құрылуы мүмкін. Мектепалды даярлық сыныптарына ағымдағы жылдың I қыркүйегіне бес немесе алты жасқа толған балалар қабылданады.

Мемлекеттік мекемеде мектепке дейінгі шағын орталықтар ашылуы мүмкін. Шағын орталықтар қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің үлгілік ережелеріне сәйкес іске асырылады.

Мекемеде арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жұмыс істейтін, ерекше жағдайда оқыту және тәрбиелеуге мұқтаж, дамуында кемшілік бар оқушылар үшін арнайы түзету сыныптарын ашуға болады.

Мекеме жазғы кезеңде балалардың сауығуы үшін өз жағдайларын ұсынады (мектеп жанындағы лагерьдің күндізгі уақытта балалармен атқаратын жұмысы).

Мекеме балалардың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындысына сәйкес оқушыларға үйде білім беруді қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулығына сәйкес аптасына оқу сағатының көлемі, сабақ кестесі құрылып, бұйрық бойынша оқушымен жұмыс жасайтын педагогтар құрамы анықталып, өткізілген сабақтар журналға тіркеліп жазылады. Ата-аналар (заңды өкілдері) үйде сабақ өткізуге жағдай жасауы тиіс.

Мекеменің және оның қызметкерлерінің мемлекеттік аттестациясы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізіледі.

Мекеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қызметтерді атқарады.

Мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не директордың жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле білім бөлімінің, жергілікті атқарушы органның немесе прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Мекеме директорының Мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

4. Білім үрдісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері:

Мекемеде жалпы білім үрдісінің қатысушылары мыналар болып табылады: оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, оқушылардың ата-аналары (оларды алмастырушы тұлғалар).

Мекемеде әр оқыту сатысы бойынша білім алу үшін оқушыларды қабылдау ата-аналардың немесе оларды алмастырушы тұлғалардың өтініштері бойынша, заңмен анықталған жас ерекшелігіне қарай және медициналық қарсы көрсетілімдерсіз жүргізіледі.

Азаматтардың орта білім алуына құқығын сақтау жауапкершілігі Мекеме әкімшілігіне жүктеледі.

Оқушыны қабылдаған кезде Мекеме міндетті түрде оқушыларды және олардың ата-аналарын (оларды алмастырушы тұлғаларды) олардың өтініші бойынша Жарғымен және білім үрдісін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа құжаттармен таныстырады.

Бірінші сыныпқа баланың Мекеме ұсынатын пәндер бойынша оқуға дайындығы есепке ала отырып, оның қабілетіне сәйкес және денсаулығына қарай 6-7 жастағы балалар қабылданады. Қабылдау ата-аналардың (оларды алмастырушы тұлғалардың) жазбаша өтініші және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген қажетті құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Мекеме оқушыларының құқығы бар:

- 1) жалпы орта білімді тегін алуға;
- 2) қызметтің әр түрлерінде ерекше табыстары үшін көтермеленуге;
- 3) оқушылардың келіспеген жағдайында жылдық бағасын түзетуге;
- 4) медициналық қызметті алуға;
- 5) кітапхана қорын тегін пайдалануға;
- 6) қосымша (оның ішінде ақылы) білім қызметін алуға;
- 7) Мекемені басқаруға қатысуға;
- 8) адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, ақпарат еркіндігіне, өз көзқарасын және пікірін еркін айтуға.

Мекеме зайырлы және дін білімін айыру принципін сақтауға міндетті. Әртүрлі түрде діни тәрбиелеуге рұқсат етілмейді.

Қорытынды аттестацияны сәтті өткен Мекеме түлектеріне тиісті білімі туралы, Мекеме мөрімен куәландырылған мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Негізгі жалпы орта білім бағдарламаларын меңгерген кезде ерекше жетістіктерге жеткен түлектерге үздік куәлік беріледі.

Оқушылар міндетті:

- 1) Мекеме Жарғысын орындауға және ішкі тәртіп ережелерін орындауға;
- 2) жақсы оқуға және мекеме мүлкіне ұқыпты қарауға және мекеме мүлкіне оқушы зиян келтірсе, ата-аналармен бірге оның құнын және мүлікті қайта қалпына келтіруге;

3) Мекемедегі қызметшілердің және басқа оқушылардың қадір-қасиетін және арын құрметтеуге;

4) құқыққа қарсы істерді жасаған үшін кеңес шешімі бойынша, осы жарғыны өрескел және бірнеше рет бұзған үшін педагогикалық ең соңғы шара – 15 жасқа толған оқушыларды мектептен шығару қолданылады, жетім, ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды мектептен шығару туралы шешім қамқоршылық және қорғаншылық органдарының келісімімен қабылданады;

5) ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға, (бұдан әрі – Мектеп формасы) ата-аналар комитеті келісімімен мектеп әкімшілігі бекіткен мектеп формасын сақтауға;

6) Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосып киуге, қыз балаларға бас киімдер: хиджап орамал, кимешек, бандана және т.б. киюге қатаң тиым салынады.

7) Мекеме оқушыларының ережесі негізінде мекемеге ұялы телефон, смартфон әкелмеуге.

Кәмелеттік жасқа толмағандардың ата-аналары және басқа заңды өкілдерінің құқығы:

1) баланың жеке ерекшелігін және қабілетін, тілегін ескере отырып, Мекеме ұсынған оқыту түрін таңдау;

2) ата-аналардың ұжымы арқылы Мекемені басқару органдарының жұмысына қатысу;

3) Мекемеден өз балаларының оқу шарттары және мінез-құлқы, үлгерімі бойынша ақпарат алу;

4) Мекемеде өз балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселесі жөнінде кеңестік көмек алу.

Ата-аналар және басқа заңды өкілдер міндетті:

1) балаларға өмірі мен оқуына сәлауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау, интеллектуалды және физикалық күшін дамытуын, өнегелі болуын қамтамасыз ету;

2) бес (алты) жастағы балаларға мектепалды даярлауды қамтамасыз ету, ал алты (жеті) жастан оқу орындарын анықтау;

3) Мекемемен қарым-қатынас жасау;

4) Мекемеге балалардың баруын қамтамасыз етеді;

5) ата – аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгілінген мектеп формасын киюіне жауап береді.

Ата-аналар (оларды алмастырушы тұлғалар) Мекеме Жарғысын орындауға міндетті және өз балаларын оқытуға және тәрбиелеуге жауапты, сонымен қатар мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарауға міндетті.

Мекемеде тиісті кәсіби білімі бар азаматтар педагогикалық қызметпен (оқыту және тәрбиелеу) айналысуға құқылы.

Сот үкімі немесе медициналық көрсеткіштермен тыйым салынған тұлғаларға Мекемеде педагогикалық қызмет көрсетуге рұқсат берілмейді.

Мекеме қызметкерлерінің құқығы:

- 1) кәсіби намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- 2) Мекемені басқаруға қатысуға;
- 3) кәсіби қызметінің жағдайларын қамтамасыз етуге;
- 4) педагогикалық қызметін ұйымдастыру түрі мен тәсілдерін таңдау еркіндігіне;
- 5) біліктілік санатын арттыруға және оны аттестациядан сәтті өткен жағдайда алуға;
- 6) жыл сайын берілетін еңбек демалысына;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әлеуметтік жеңілдіктер мен кепіліне және мектеп аймағында ұсынған қосымша жеңілдіктерге құқығы бар.
- 8) Мекеме және мекеме қызметкерінің еңбек қатынасы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

Мектептегі педагог кадрлердің міндеттері:

- 1) педагогке оқушының, оның ата-анасының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;
- 2) білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермейді;
- 3) жалпы адами құндылықтарды құрметтеуге;
- 4) педагог мамандық мәртебесі туралы ойлауға, әріптестерінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтеуге, мұғалім беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермеуге;
- 5) үздіксіз кәсіби дамуға;
- 6) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;
- 7) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;
- 8) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды;
- 9) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;
- 10) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;
- 11) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды;
- 12) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісінде болады;
- 13) басқа педагог қызметкердің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді.

Мекемеге жарғыда бекітілген қызметтердің мәні мен мақсатына сәйкес келмейтін қызметтермен айналысуға, сондай-ақ келісімдер жасауға тыйым салынады.

16. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір, шек қойылған қызмет мақсаттарына

қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Тиісті саланың уәкілетті органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Мекеменің жарғыдан тыс әрекетін жүзеге асыруға бағытталған басшының іс-әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік шаралар мен материалдық жауапкершілікке тартылады.

4. Мекемені басқару

18. Мекемені жалпы басқаруды Тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

19. Мекеменің құрылтайшысы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекемені құру, қайта құру және жою туралы шешім қабылдайды;
- 2) Мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органға мемлекеттік және жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған мүлікті қайтарып алу және қайта бөлу бойынша келісім береді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Мекеменің құрылымын қалыптастыру тәртібін және басқару органдарының құзырет мерзімін Мекемемен шешім қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) Мекеме басшысының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігін, оны қызметтен босату негіздемелерін анықтайды;
- 5) Мекеменің құрылымын және штаттық саны шегін бекітеді;
- 6) Жылдық қаржылық есепті бекітеді;
- 7) Мекемеге филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

21. Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасымен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекемеге мүлікті бекітеді;
- 2) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

22. Мекеме басшысы (бұдан әрі - директор) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан

Республикасының заңнамасымен белгіленген Тиісті саласының уәкілетті органмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

23. Директор Мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, Тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады және Мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

24. Директор дара басшылық қағидаттары бойынша әрекет етеді және мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

25. Мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында директор Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда және де өзге ұйымдарға Мекеме мүдделерін ұсынады;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) Мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банктік шоттар ашады;
- 7) барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік шараларды қолданады;
- 10) Мекеме қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

5. Мекеме мүлкін қалыптастыру тәртібі

26. Мекеме мүлкін бағасы оның тенгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

27. Мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

28. Мекеменің қызметі облыстық бюджетінен қаржыландырылады.

29. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

30. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Тиісті саланың уәкілетті органы және өзге де органдары жүзеге асырады.

6. Мекеменің жұмыс тәртібі

31. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

32. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

33. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мекемені қайта құру мен тарату шарты

34. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

35. Мекемеде филиалдар мен өкілдіктер жоқ.



Жарғы нөмірленіп, жіп өткізіліп

Барлығы 12 (он екі) бет

Бекет

Асқар